

УДК 541.18

Қашықтан оқытуда білімалушылардың танымдық іс-әрекеттерін қалыптастыру

Амиров Манат Мустафаевич, Сейтханова Айгерим Баубековна,
Тастанбекова Баян Умирзаховна, Байжанова Мадина Турсунбековна
Южно-Казахстанский Университет им. М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан

Резюме. В данной статье описываются основные принципы построения дистанционного обучения и принципы организации учебной процедуры для дистанционного обучения обучающихся. Описываются основные навыки познавательной деятельности обучающихся.

Formation of cognitive activities of students in distance learning

Amirov Manat Mustafaevich, Seythanova Aigerim Baubekovna,
Tastanbekova Bayan Umirzakovna, Baizhanova Madina Tursunbekovna

South Kazakhstan University named after M. Auezova, Shymkent, Kazakhstan

Abstract. This article describes the basic principles of building distance learning and the principles of organizing the educational procedure for distance learning of students. The main skills of cognitive activity of students are described.

Жоғары оқу орындарында ақпараттық орталықтарды құру тұрғысынан алып қарағанда қашықтан оқыту жүйесі көп деңгейлі болып келеді. Жалпы қашықтан оқыту ТМД елдерінде 1991 жылдан бастап қолға алынса, Қазақстан Республикасында Қазақ-Ресей институты 1998 жылдан, ал Республикамыздың көптеген жоғары оқу орындары негізінен 2000 жылдан бастап енгізді. Білім алушылардың танымдық іс-әрекеті – жас ұрпақты өмір мен кәсіби қызметке даярлаудың маңызды кезеңі болып табылады. Аталған әрекет кез келген қызмет түрімен біртұтас құрылымдық бірлікті құрай алады.

Ізденушілік-зерттеушілік бағыттың мазмұны білім алушылардың білімді өзіндік ізденімпаздықпен меңгеруге, қажетті қорытындылар жасауға, оларды еске сақтауға қолайлы сызбалар (кестелер, тірек сызбалар, суреттер және т.б.) түрінде рәсімдеуге жетелеуде болып табылады. Біздің пікірімізше, жоғары оқу орындарында білім алушылардың танымдық іс-әрекетін қалыптастыру студенттердің зерттеу жұмыстарын ұйымдастырумен тығыз байланысты.

Білім алушылардың зерттеу жұмыстары арнайы бағдарламалар негізінде оқу үрдісінен тыс ұйымдастырылады. Соңғы жылдары танымдық іс-әрекетті қалыптастыру теориясы мен тәжірибесінде зерттеушілік дағдыларды дамыту ұстанымын нақты жүзеге асыру ерекшеліктерін зерттеуге арналған жұмыстар саны артты.

Біріншіден, жоғары оқу орындарында оқу курстарының ғылыми деңгейі көтерілді, екіншіден, оқытудың теориялық жоспары мен оны тәжірибеде жүзеге асыру жолдарына талдаулар жасалынды.

Зерттеу дағдысын үш деңгейде көрсетуге болады: әсер ету дағдысы, интерпретациялық дағды [1]:

Әсер ету дағдысы – білім алушының түсінуі, есте сақтауы, білімін қайта жаңғыртуы, үлгі бойынша қолдана алуы. Әсер ету арқылы танымдық іс-әрекетті ұйымдастыруда оқытушы түсіндірмелі-иллюстративті әдісін қолданады. Яғни, қолданылатын әдістер білім алушының танымдық іс-әрекетін әсер ету арқылы қамтамасыз етеді.

Интерпретациялық дағдысы – білім алушының істі аяғына дейін жеткізуі, қиындыққа қарамай, істің шешілу жолдарын іздеу, проблеманы өз бетінше шеше білуімен түсіндіріледі. Танымдық іс-әрекетке ықпал етуші аталған дағдыны дамыту үшін педагог оқытудың ақпаратты-ізденіс әдістерін қолдануы қажет, бұл студенттің танымдық іс-әрекетіне жеке даралық сипат береді.

Шығармашылық дағдысы – құбылыстың мазмұнына және өзара байланыстылығына терең үңіліп қана қоймай, аталған мақсатқа жету үшін жаңа амал таба білумен сипатталады. Зерттеушіліктің бұл деңгейінде студенттер білімдерін жаңа жағдаяттарда көрсетуге тырысады, білім мен тәсілдерді жаңа жаяғдаятқа ауыстырып, танымдық іс-әрекеттерін жетілдіреді.

Танымдық іс-әрекеттің тәжірибелік әрекет бағыты жеке міндеттердің шешімін табуда ұсынылған қорытындыларды өз беттерінше шығармашылықпен қолдануды қарастырады.

Рефлексиялық-бағалаушылық бағыт өзіндік ой-пікір, тәжірибе нәтижелерін талдау және оқу процесіндегі келесі кезеңдердің бағдарламасын анықтау үшін жағдай жасалады.

Білім алушының танымдық іс-әрекетін қалыптастыру барысында тәжірибелік жұмыстар кезінде туындайтын оқу-танымдық қатынастар студенттердің оқу пәніне, материал мазмұнына деген субъективті қатынасын білдіреді.

Психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді талдай отырып, қашықтан оқытуда білім алушының танымдық іс-әрекетін қалыптастырудың төмендегі принциптерін көрсетеміз:

Белсенділік принципі - танымдық іс-әрекет мазмұнын, әдістері мен тәсілдерін, ұйымдастыру тәсілдері жетілдіруге бағытталады.

Саналылық принципі - білім алушының танымдық іс-әрекеттің мақсаты мен міндеттеріне сәйкес білім мен таным мазмұнын, қызмет тәсілдерін саналы меңгеруіне ықпал етеді.

Ғылымилық принцип - білім алушының танымдық іс-әрекеті негізінде ақпарат мазмұнын түсіну мен есте сақтау ғана емес, теориялық тұрғыда ұғынуын қамтамасыз етеді.

Жеке даралық принцип - негізінде топтық жұмысты ұйымдастыру барысында әр білім алушының танымдық іс-әрекетке белсенді қатысуын қамтамасыз етеді.

Дербестік принципі - білім алушының өз танымдық іс-әрекетінің мақсатын белгілеуге тікелей қатысып, ал сырттан берілетін танымдық іс-әрекет мақсатын олардың жеке өзіндік мақсатына айналуына жағдай туғызады. Бұл жағдайда олар өздері танымдық іс-әрекет үрдісінің толыққанды субъектісі ретінде сезінеді, өздері қабылдаған іс-әрекет мақсатына шығармашылықпен жетуге ұмтылады.

Өзін-өзі ұйымдастыру принципі - танымдық іс-әрекетті қалыптастыру үрдісінің операциялық жағын сипаттайды. Осы принцип бойынша оқытушы білім алушыны нәтижелі оқудың біліктері мен дағдысын меңгеруге, оқу-жаттықтыру әрекеттерін ғана емес, сонымен бірге, оқу іс-әрекетін дербес орындауға баулиды.

Дамыту принципі - танымдық іс-әрекетті ұйымдастыруда бірқатар талаптарды анықтайды: білім алушылардың жас және дара ерекшеліктерін есепке ала отырып, оқу үрдісін әрбір білім алушының танымдық іс-әрекетін қалыптастыруға бағыттайды.

Ұжымдық принципі - танымдық іс-әрекетті (топтық ізденіс жұмыстары, ғылыми және шығармашылық жобалар қорғау т.б.) ұйымдастыруда топшілік қатынасты оңтайлы қалыптастыруды, топ алдына қойылған міндетке сәйкес талқыланатын ережелер мен сұрақтар жөнінде өз беттерінше келісімге келуді және өз пікірлерін топтың басқа мүшелерінің пікірлерімен салыстыруды, бір-бірінің ой-пікірлерін дамытуды, нақтылауды мақсат етеді.

Рөлдік қатысу принципі - білім алушылар арасында рөлді дәл және еркін бөлуді, танымдық тапсырмаларды орындау шеңберінде өздерінің міндеттерін бөлісуді қамтамасыз етеді.

С.Л.Рубинштейн бұған қосымша болашақ мамандардың танымдық іс-әрекетін қалыптастыруда сыртқы ықпалдың ішкі жағдайға әсерін анықтаушы детерминизм принципін ұсынды [4].

Білім алушының танымдық іс-әрекетін қалыптастыруда жоғары оқу орындары оқытушылары тарапынан білім алушының жағымды мотивтерінің қалыптасуына жағдай жасалуы тиіс. Жағымды мотивтер қатарына: оқытудың сол кезеңдегі және болашақта даму мақсаттарын сезінуі, игерілетін білімнің теориялық және тәжірибелік

маңыздылығын түсінуі, ақпаратқа ғылыми тұрғыда талдау жасай білуі, оқу материалындағы жаңалықтарды анықтай білуі, танымдық іс-әрекетке деген ынта мен танымдық қабілетті қалыптастыруға қажетті психологиялық жағдай туғызу, танымдық материал ішінен ұқсастықтар мен қарама-қайшылықтарды анықтай білу.

Р.С.Омарова танымдық іс-әрекетті таным үрдісінде кездескен қиындықтарды жеңе білуімен байланыстырып, ол үшін жеке тұлғаның белгілі бір деңгейде ерік-күш жұмсауы және өзінің танымдық іс-әрекетін саналылықпен реттеуі қажеттігін негіздейді және танымдық іс-әрекеттің негізгі құрылымдық бөлімдерін: танымдық қызығушылық, танымдық ізденімпаздық және шығармашылық әрекет ретінде ажыратады.

Білім алушылардың танымдық іс-әрекетін қалыптастырудың нақты өлшемдері бар:

Білімді өз бетінше алуға дайындығының болуы және оны түрлі жағдайда қолдана білу;

Тұтас педагогикалық үрдісте оқытушының басшылығымен мақсатты өзара әрекет;

Іргелі білімдерінің болуы;

Танымдық іс-әрекет тәсілдерін меңгеруі;

Өзін-өзі бақылау мен әрекетке бейімделу;

Танымдық тапсырмаларды шешу біліктілігі;

Проблемаларды шешудің қажетті ұжымдық нысандарын ұйымдастыру дағдыларын меңгеру.

Сонымен, жоғары оқу орындарында Білім алушылардың танымдық іс-әрекеттерін қалыптастыру мәселесінің психологиялық-педагогикалық әдебиеттерде қарастырылған тұжырымдамалары негізінде мынадай қорытынды шығаруға болады:

білім алушылардың оқу үрдісінде танымдық процестер кезеңдік ғылыми ізденісті талап етеді және олардың шынайылығы тәжірибеде дәлелденуі тиіс;

танымдық іс-әрекет ойлау қабілеті мен іздену әрекеті арқылы дамиды;

танымдық іс-әрекет оқу әрекетімен тікелей байланысты;

танымдық іс-әрекетті қалыптастыру үшін студенттердің белсенді оқу әрекеті мен өз бетінше жұмыс жүргізілуі шарт;

танымдық іс-әрекетті қалыптастыру педагогтардан кәсіби шеберлікті талап етеді, танымдық іс-әрекетті қалыптастыру әдістері мен тәсілдері технологиялары инновациялық тұрғыда оңтайлы ұйымдастырылуы қажет.

Сонымен қатар, теориялық зерттеулер нәтижесінде төмендегідей тұжырым жасауға болады:

білім алушылардың танымдық іс-әрекетін қалыптастыруда қашықтан оқытуда өзіндік даму шарттары мен бағыттарын жетілдіру қажет;

оқытушы мен білім алушылардың танымдық іс-әрекетті қалыптастыру бағытындағы бірлескен қызметін ұйымдастыру жолдары, әдістері мен тәсілдерін нақтылау;

қашықтан оқытуда білім алушылардың танымдық іс-әрекетінің құрылымы анықтау;

білім алушылардың танымдық іс-әрекетін ақпараттық технологияларға, қашықтан оқытуға негізделген моделін таңдау.

Сонымен, бұл тұжырымдар білім алушылардың өзі дамыту, өзін-өзі жетілдірумен қатар, танымдық логикалық ойлауын жетілдіру, оқу материалын іс-әрекетті шығармашылық қызығушылық шығармашылықпен меңгерту, өзін-өзі бақылау, өзін-сіпатында қалыптастыруды негіздейді.

Әдебиеттер:

1. Омарова Р.С. Шығармашылық қызығушылықты қалыптастыру технологиясы.-Ақтөбе, 2007. -183 б.
2. Андреев А.А. Введение в дистанционное обучение. ч.II М.:МЭСИ, 1997.- 50 с.
3. Каратаева Е.В. Общие основы педагогики. Серия «Педагогическое образование».- М., 2002. -244 с.
4. Рубинштейн С.Л. Общие вопросы психологического учения. -М., 1975. -172 с.

References:

1. Omarova R. S. Ciaralli uzusaliai alaptanterv technologies. - Aktobe, 2007. -183 p.
2. Andreev A. A. Introduction to distance learning. ch. II m.: MESI, 1997. - 50 p.
3. Karataeva E. V. General principles of pedagogy. Series "Pedagogical education".- M., 2002. -244 p.
4. Rubinstein S. L. General questions of psychological teaching. - M., 1975. -172 p.